



# ТЖКБ оқу орнында оқу үшін (колледждерде, оның ішінде орта білімнен кейінгі білім алу үшін) 2020-2021 оқу жылына грант алуға конкурстық іріктеу туралы хабарландыру

(жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты есебінен, тел.: 8 7172 794975, [www.kazenergy.com](http://www.kazenergy.com))

Конкурсқа қатысуға жіберу үшін құжаттарды қабылдау және тіркеу ү. ж. 10 шілдеден 25 тамызға дейін жүзеге асырылады.

Электронды өтінімді жоғарыда көрсетілген мерзімде [grant.kazenergy.com](http://grant.kazenergy.com) сайтында толтыру қажет.

Кандидаттардың құжаттары құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде қаралады.



## Конкурсқа қатысу шарттары \*:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығы.
- 2) Оқу орнына шартсыз қабылдау немесе білім алу (білім алушының қаржылық берешегі болмаған жағдайда).
- 3) Білім алушының үлгерімнің келесі көрсеткіштерге сәйкестігі:
  - 1 (бірінші) курсқа түскен тұлғалар үшін негізгі орта білім туралы куәліктің немесе жалпы орта білім аттестатының орташа балы кемінде 4,0 (5,0-ден);
  - кәсіптік және техникалық білім туралы диплом бойынша мамандық (оның ішінде жұмыс) алған үміткердің және білім алушының үлгерімінің орташа балы – алдыңғы оқу жылы үшін кемінде 4,5 (5,0-ден).

## Қажетті құжаттар тізімі:

- 1) Белгіленген үлгідегі өтініш (<https://kazenergy.com/ru/operation/educational-program/138/1044/>).
- 2) Жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетілген жеке куәліктің / туу туралы куәліктің / паспорттың көшірмесі (ЖСН).
- 3) Алдыңғы алған білімін және үлгерім балын растайтын құжаттың көшірмесі (негізгі орта білім туралы куәлік немесе жалпы орта білім беру аттестаты) – 1 (бірінші) курсқа түскендер және білім алушылар үшін – оқу үлгерімі ведомосынан үзінді (ол болмаған жағдайда, өткен оқу жылы үшін орташа балл көрсетілген, оқу бөлімі куәландырған анықтама).
- 4) Мекенжай анықтамасы.
- 5) Отбасы құрамы туралы анықтама (тек көп балалы отбасылар үшін).
- 6) Көрсетілген санаттардың біреуін (немесе бірнешеуін), егер осы топқа жататын болса, құжаттамалық растау: аз қамтылған және (немесе) толық емес отбасы, жетім, мүгедек.
- 7) Оқуға қабылдау туралы / оқу туралы (занды тұлғалардың 1 (бір) оқу жылы үшін оқу құнын, оқу курсы және нысанын төлеу үшін, қаржылық қарызының жоқтығын көрсете отырып) қолы қойылған (ресми бланкіде және (немесе) оқу орнының мөрімен расталған) анықтама.
- 8) Конкурстарға, олимпиадаларға және т. б. қатысқанын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (бар болса).

*\* Жұмыс органы және (немесе) Комиссия қосымша құжаттарды сұратуға құқылы (ҚР ЭМ бекіткен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің неғұрлым талап етілетін мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесіне сәйкес мамандықтар бойынша білім алушы (түскен) кандидаттарға артықшылық беріледі).*